

1995 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің N 34 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі 2000 жылғы 14 ақпан N 134. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 31 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1101. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

55. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 14 ақпандағы N 134 V001101_ бұйрығы. -----

"Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990485_ 1999 жылғы 22 қарашадағы, "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990492_ 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңдарының қабылдануымен б а й л а н ы с т ы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 V950075_ "Жер салығын есептеу мен төлеудің тәртібі туралы бұйрығына" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрығында белгіленген "Жер салығын есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 34 Н ұ с қ а у д а :

мынадай мазмұндағы 28-1-тармағымен толықтырылсын:

"28-1. Көп қабатты тұрғын үйдегі жеке меншіктегі үй-жай иелерінен жер салығы осы үйдегі тұрғын үй-жайдың жалпы көлемінің және осындай иесіне тиесілі тұрғын үй-жай көлемінің 1 шаршы метріне тең жер салығының мөлшері ескеріліп,

айқындалады.

Мұның өзінде:

Тұрғын үй-жайларының 1 шаршы метр шаршы көлеміне жер салығының мөлшері жалпы үйдің тұрғын үй-жайларының жалпы көлеміне жер учаскесінің жалпы көлемінен жер салығы сомасын бөлумен есептеледі;

жер учаскесінің жалпы көлеміне тұрғын үйге бөлінген учаскелер және жалпы тұрақты жер пайдалану құқығындағы тұрғын үй-жайларының иелеріне тиесілі учаскелер енгізіледі. Жер учаскесінің көлемі Жер ресурстарын басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігінің аумақтық органы берген тұрақты жер пайдалану құқығындағы жер учаскесіне жеке меншік құқығы актісінде көрсетіледі.

Мысал.

Астана қаласында орналасқан бес қабатты тұрғын үй көлемі 1000 шаршы метр жер учаскесін алады. Жалпы тұрақты жер пайдалану құқығындағы тұрғын-үй жайлары иелеріне тиесілі жер учаскесінің көлемі 1500 шаршы метр құрайды. Жалпы үй 2500 шаршы метр көлемдегі (1000+1500) жер учаскесін алады.

1999 жылы Астана қаласы бойынша тұрғын-үй қорына арналған жерге жер салығының ставкасы 1 шаршы метр үшін 0,785 теңге (0,5 теңге x 1,57) құрады. Осыдан келіп, тұрғын-үй арналған жерге жер салығының сомасы, яғни 1000 шаршы метр үшін 785 теңге (1000 шаршы метр x 0,785 теңге) құрайды.

1999 жылы Астана қаласы үшін 0,06 га-ға дейінгі көлем кезінде үй жанындағы жер учаскесіне жер салығының ставкасы 31,4 теңге (20 теңге x 1,57), ал 0,06 га-дан астам үй жанындағы жер учаскесі көлеміне 942 теңге құрады. 1500 шаршы метр үй жанындағы жер учаскесі көлемі бойынша жер салығының сомасы 8666,4 теңге ((0,06: 0,01 x 31,4) + (0,09:0,01 x 942)) құрайды.

Жалпы жер салығының сомасын 9451,4 теңге (785 + 8666,4) құрайды. Жалпы үйдің тұрғын-үй жайларының жалпы көлемі 4000 шаршы метр құрайды, мұның өзінде 1 шаршы метр үй көлеміне 2,36 теңгедегі (9451,4 теңге: 4000 шаршы метр) жер салығы келеді. Мысалы, егер бір бөлмелі үйдің 32 шаршы метр көлемі бар болса, онда оған 75,52 теңгедегі (32 шаршы метр x 2,36 теңге) жер салығының сомасы келеді; жалпы көлемдегі 65 шаршы метр үш бөлмелі үйге 153,40 теңге (65 шаршы метр x 2,36 теңге) келеді.

Жер салығын есептеу кезінде осы нұсқаудың 52-тармағына сәйкес салықтың жалпы сомасы тұтас теңгеге дейін дөңгеленеді, 50 тиыннан аз сома есептен алып

тасталады, ал 50 тиын және одан астам сома 1 теңгеге дейін дөңгеленеді. Жер салығының сомасы сәйкесінше 76 және 153 теңге құрайды.";

6 2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 6-1)-тармақшасымен толықтырылсын:

"6-1) "Байқоңыр" кешеніне енгізілген жер учаскелері бойынша "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі базасында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорыны";

8)-тармақшадағы "Нақты мерзімдер" деген сөздерден кейін "және өлшемдер" деген сөздер алып тасталсын,

64-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ғимараттың бөлшегін олар жалға беруі кезінде жер салығы жер салығы мөлшері ескере отырып есептеледі, ол ғимараттағы үй-жайлардың жалпы көлемі мен ғимараттың жалға берілетін көлемінің 1 шаршы метріне тең.

М ы с а л .

Астана қаласындағы кітапхана (мемлекеттік мекеме) 150 шаршы метрдегі ғимарат көлемін жалға береді. Кітапхана ғимаратының жалпы көлемі 600 шаршы метр. Кітапхана ғимаратына және оған қызмет көрсетуге арналған жер учаскесінің көлемі 1000 шаршы метр. 1999 жыл үшін төленуге тиісті жер салығының мөлшері мынадай жолмен айқындалады: 1) 1000 шаршы метр көлемдегі жер учаскесі бойынша жер салығының сомасы: $1000 \text{ шаршы метр} \times 10 \text{ теңге} \times 1,57 = 15700 \text{ теңге}$, онда: 10 теңге - оларды ұстап тұру үшін қажетті тұрғын үй емес үй-жайлар, ғимараттар, учаскелерге арналған жерге, сондай-ақ осы нұсқаудың 4-қосымшасына сәйкес Астана қаласы бойынша объектілердің санитарлық-қорғау зоналарының, техникалық және өзге де зоналарға жер салығының базалық ставкасы; 1,57 - 1999 жылға арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген коэффициент. 2) кітапхана ғимаратының 1 шаршы метр үшін жер салығының сомасын айқындаймыз: $15700 : 600 = 26,17 \text{ теңге}$ 3) кітапхана көлеміне жалға берілетін жер салығы сомасын айқындаймыз: $150 \text{ шаршы метр} \times 26,17 \text{ теңге} = 3925,5 \text{ теңге}$

Жер салығын есептеу кезінде осы нұсқаудың 52-тармағына сәйкес салықтың жалпы сомасы тұтас теңгеге дейін дөңгеленеді, 50 тиыннан аз сома есептен алып тасталады, ал 50 тиын және одан астам сома 1 теңгеге дейін дөңгеленеді. Жер салығының сомасы осыдан келіп 3926 теңге құрайды."

2. Өндірістік емес төлемдер департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрықты орындауға бақылау Өндірістік емес төлемдер департаментінің директоры Д.Қ. Баймұрзинге жүктелсін. 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу

күнінен бастап күшіне енгізіледі. Министрдің міндетін атқарушы "Келісілді"
Қазақстан Республикасының Қаржы министрдің м.а. 2000 жылғы 1 наурыз
Оқығандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК